

Қызылорда қаласы бойынша тұрмыстық қатты қалдықтарды жинау және әкетуге арналған тарифтерді бекіту туралы

Күшін жойған

Қызылорда қалалық мәслихатының 2017 жылғы 22 мамырдағы № 85-13/3 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 30 мамырда № 5852 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда қалалық мәслихатының 2020 жылғы 4 ақпандағы № 297-55/5 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда қалалық мәслихатының 04.02.2020 № 297-55/5 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы Кодексіне және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес, Қызылорда қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қызылорда қаласы бойынша тұрмыстық қатты қалдықтарды жинау және әкетуге арналған тарифтер қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. "Тұрмыстық қатты қалдықтарды әкетуге арналған тарифтерді бекіту туралы" Қызылорда қалалық мәслихатының 2013 жылғы 22 мамырдағы № 17/2 шешімінің (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 4464 болып тіркелген, 2013 жылдың 26 маусымында "Ақмешіт ақшамы" № 25 (1535) және "Ел тілегі" № 26 (280) газеттерінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда қалалық
мәслихатының кезектен тыс
XIII сессиясының төрағасы

Т. МАҚАШОВ
"КЕЛІСІЛДІ"

"Қызылорда қалалық тұрғын
үй-коммуналдық шаруашылық
және тұрғын үй инспекциясы бөлімі"
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысы

_____ Қ.Әбсұлтанов
"22" мамыр 2017 жыл

Қызылорда қалалық
мәслихатының хатшысы

Р. БОХАНОВА

Қызылорда қаласы бойынша тұрмыстық қатты қалдықтарды жинау және әкетуге арналған тарифтер

№	Атауы	Есептік бірлік	Баға, (ҚҚС қосқанда) теңгемен
1	Заңды тұлғалар және жеке кәсіпкерлік субъектілері	1 м3	1 786
2	Жеке тұлғалар	1 адам/айына	149

Аббревиатуралардың таратылып жазылуы:

"м3" - текше метр

"ҚҚС" - қосылған құн салығы